



Мұражай қоры баба мұрасымен ТОЛЫҚТЫ

“Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайына” құран қари, ақын, дін қайраткері Файзолла Сатыбалдыұлының жиеншары Әлия Қарсақбайқызы атадан қалған аманат, “Ақырет киімін” (кебінін) тапсырды.

Файзолла қари Сатыбалдыұлы 1883 жылы қыркүйектің 27 жұлдызында бұрынғы Торғай облысы, Торғай уезіне қарасты Батпаққара (қазіргі Қостанай облысындағы Амангелді ауданында) дүниеге келген. Файзолла қаридың ата-тегі де тегін адамдар болмаған, әкесі Сатыбалды ишанның (лақап аты – Қыпшақ ишан) есімі бүкіл Алаш жұртына әулие кісі ретінде танымал. Файзолла ақын сол кездегі аты мәшһүр ілім ордасы Бұхарада медреседе оқып, дәріс алады. Елге келген соң медреседе 12 жыл шәкірт тәр-

Шәрипа анамызға аманаттаған. Ақжан әжеміздің жұбайы Әубәкір атамыз аштықта көз жұмған. Әубәкір атамыздан Кенжесара, Қарсақбай есімді екі ұрпағы қалған. Ақжан әжеміздің келіні Шәрипа, Қарсақбай әкеміздің жұбайы. Қарсақбай Әубәкірұлы Қызылқозының алғашқы тұрғындарының бірі. Осы мекенде Шәрипа анамызбен отбасын құрып Өмір, Серік, Ақжүніс, Гүлнар, Әлия есімді ұл-қыздарын дүниеге әкелген. Шәрипа анамыз атадан қалған мұраны қызы Әлия апайымызға тапсырған.

биелеп, елге сыйлады, құрметті дінбасыға айналады. Кеңес үкіметінің қожа-молдаларды, ишандарды жаппай жазалау саясаты кезінде тұтқынға түсіп, айдауда болған. Тобыл-Торғай топырағында ислам дінінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан Файзолла Сатыбалдыұлы бар - жоғы 17 жасында құран қари атанып, бар ғұмырын шәкірт тәрбиелеп ел мүддесіне қызмет жасауға арнады. Қуғында жүріп Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатұлы, Ахметсапа Жүсіпов, Мағжан Жұмабаев сынды алаштың қайраткерлерімен тығыз қарым-қатынаста болады. Ақынның «Ахмет қайтыс болды дегенде», «Мағжан түсіме кіргенде», «Ахметсафа Юсуповқа хат», «Әбдіғаппар хан» сынды т.б шығармалары халық жадында сақталып, күні бүгінге дейін айтылып келеді.

Әлия Қарсақбайқызы баба мұрасының осы күнге дейін сақталуының себебін түсіндірді. Айтуынша әжесі Ақжан Нұржанқызы Файзолла Сатыбалдыұлының қарындасы. Файзекең «Халық жауы» деп айыпталғасын ол кісіні елде күтіп, жақын қарым-қатынас жасауға көп адам қорыққан. Сол уақыттарда қарындасы Ақжан әжеміз үйіне паналатып Файзекеңнің оразасын өтеуге сәресін беріп, тарауық намазын оқып, құлшылық жасауына көмегін берген. Құран қари қарындасының шексіз құрметіне разылығын білдіріп, «Ақырет киімін» (кебінін) аманатқа қалдырған. Ақжан Нұржанқызы 1888-1969 ж.ж өмір сүрген. Ақжан әжеміз дүние салған күнге дейін баба аманатын көзінің қарашығындай сақтап, келіні

Әлия Қарсақбайқызы 1986-шы жылғы желтоқсан көтерілісінің куәгері, әрі желтоқсан белсендісі. 2021 жылы желтоқсаншылармен бірге ақталған. Кітапхана саласында 30 жыл қызмет атқарып, бүгінгі күні зейнетке шықты. «Кітапхана ісінің үздігі», «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісінің иегері. Қазақстан республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың құрмет грамотасымен марапатталған. Арқалық қаласындағы «Қазына» халықтық қорының, ұлт-аспаптар ансамблінің белді мүшесі. «Желтоқсан көтерілісінің 30 жылдығы» мен «Желтоқсан көтерілісінің 35 жылдығы» естелік медальдарының иегері. Сонымен қатар Әлия Қарсақбайқызы мұражайымызға анасынан қалған шүйке, ілмешек сынды жүн иіріп, тоқыма тоқуға арналған құнды жәдігерлерді тапсырды. Өткен ғасырдың құнды жәдігерлерімен толыққан мұражай қоры арнайы комиссия отырысын жасап, баба мұрасын қабылдап алды. Мұражай баба мұрасының кіршіксіз сақталып, келешек ұрпаққа насихатталуына өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Ернұр ӘУЕЗХАН,
«Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайының» ғылыми қызметкері

